

## Комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 29 аңпан N 97

1. Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық

акционерлік компаниясының қаржы-шаруашылық, сыртқы экономикалық, өндірістік технологиялық қызметіне талдау жасау мақсатында мына құрамда комиссия құрылсын:

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары, комиссия төрағасы

Ахметов Ф.И. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің микроэкономикалық саясат бас басқармасы бастығының орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары

Атығаева Г.Т. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Валюталық реттеу және бақылау басқармасының бастығы (келісім бойынша)

Божко В.К. - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басқарма бастығы (келісім бойынша)

Қанашево С.З. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы басқармасының бастығы

Әбілқасымова З.К. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының басқарма бастығының орынбасары

Шевцов С.П. - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің бөлім

бастығы

Кан О.В. - Қазақстан Республикасының Қаржы министр.  
лігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау  
комитетінің бөлім бастығы

Федоров Г.В. - Қазақстан Республикасының Ғылым және  
жаңа технологиялар министрлігі жанындағы  
Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің  
радиациялық қорғау бөлімінің бас маманы

Печкин А.А. - "Уранэкспорт" фирмасының директоры

2. Комиссия "КАТЭП" ҰАК қызметінің түрлі аспектілеріне, атап айтқанда, сыртқы экономикалық саясат мәселелеріне қатысты тексеру және талдау жүргізсін.

Тексеру материалдары мен комиссиясының қорытындысы 1996 жылдың 10 наурызына тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін талап ететін мәселелер бойынша жоғарыда аталған мерзімге қажетті қаулылардың жобасын енгізсін.

3. Комиссия Қазақстан Республикасының министрліктерінен, мемлекеттік комитеттерінен және өзге де орталық атқарушы органдарынан, компаниялардан, корпорациялардан, кәсіпорындардан қажетті материалдар сұрауға, комиссияның жұмысына қажетті мамандарды тартуға белгіленген тапсырмалар шегінде құқылы деп белгіленсін.

Премьер-Министр